

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Жак Деррида: нақты дүниені  
деконструкциялау. 1-бөлім

4-тарау. Қазіргі философия



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 23. Жак Деррида: нақты дүниені деконструкциялау. 1-бөлім

## Модерн және постмодерн

Постмодернизм – монизм философиясын терістеп, плюрализм философиясын, яғни табиғат пен қоғамдағы көптік, сантүрлілік идеясын жария еткен, қазіргі заманғы мәдениеттің мазмұны, қоғамның күйі, ойлау мен ізденістің жаңа стилі көрініс тапқан ой кешу процесі. Оның философиясы структурализмнің, марксизмнің, фрейдизм және ницшеандықтың қазіргі заманғы дүниетанымдық әлеуетін сақтау әрі өзгерту мақсатында қалыптасты. Бұл мақсатта радикалды эклектика да, ұмытылған антикалық дискурстарды жаңғырту тәсілі де пайдаланылды.

Постмодернизм латын тілінен post – кейін, француз тілінен moderne – жаңа, қазіргі деген мағынадағы XX ғасырдың 60-70 жылдарындағы модернизмге реакцияны білдіретін, бастапқыда өнердің теориясы және әдеби бағыт ретінде қалыптасқан қазіргі заман философиясындағы бағыт.

Модернизм де қазіргі заман философиясындағы ағым. «Модерн» ұғымы кең мағынада Еуропада XVII ғасырда басталған ғылыми, діни, философиялық эволюция процесін түсінуге тырысқан жаңа заманның ойлауын білдіреді. Тар мағынада «модернизм» – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы көркем-әдеби ағым.

Жалпы постмодерн сөзі тұңғыш рет 1914 жылы Рудольф Панвицтің «Еуропалық мәдениет дағдарысы» деген кітабында пайдаланылады.

Постмодерн деп жалпылама алғанда, мәдени кезеңдердің түбегейлі өзгеріске ұшырауының қай-қайсысын болмасын атаған. Ал дәл мағынасында, ол – модерннен кейінгі, қазіргі заман дегенді білдіреді. Бұл ағым бұрынғы монизм философиясын терістеп, ондағы дүние, ақиқат, тіл, тарих, білім, адам т.б. туралы көзқарастардың, мәдени-әлеуметтік, моральдық дәстүрлер мен құндылықтардың сыңаржақтылығын сынға алады. Оның орнына табиғат пен қоғамдағы көптік, сантүрлілік идеясын жақтайды.

## Лиотар постмодерн жайлы

Сәулетші және өнер теоретигі Чарльз Дженкс постмодерн ұғымын архитектураға қолданған. Оның ойынша, қоғамға тән көңіл күйлер мен мәнерлердің плюралистігі, яғни көптүрлілігі сәулет өнерінде де өз көрінісін табуы керек. Осы ұғым кейін философияға да көшті.

Француз философы Жан-Франсуа Лиотардың 1979 жылы жарық көрген «Постмодернизм күйі» еңбегінің негізінде постмодернизм термині статусына ие болады.

Лиотардың нұсқасындағы постмодернизмде сөз бен айтылған сөз бөлінісінің болуы ойдың сөз бен айтылған сөзге тәуелділігін танытады. Сөз бен айтылған сөз ойдың жеткізілу, айтылу процесін емес, тәмамдалған, сыртқы әлемге жеткен түрін ғана таныта алады. Сөзде, ұғымда, тілде объективтендірілген білім «ұлы метаәңгіме», «метабаяндау», «метанарратив» болып шығады. Сол бір логиканың ережелеріне сай құрастырылған, жүйеленген метанарративтер біздің шындық туралы түсінігімізді қалыптастырып, жинақтаған білімімізді заңдастырады, қисынды етеді.

Ол наррациялар Михаил Бахтин идеология деп атайтын мәдени-әлеуметтік себептілікпен байланысты ұғым деп топшылауға да болады.

Лиотар постмодернизм туралы пікірталасты философия мен мәдениет аймағына да таратты. Постмодернизмнің негізгі сипаттамасы ретінде Лиотар қазіргі заманның метанарративтерінің бұрынғыдай заңдастыру күшінен айырылып қалғандығын қарастырады. «Ұлы метабаяндаулар» мен «метаәңгімелер» деп ол адамзаттың басты-басты деген жалпыға ортақ прогресс, тұлғаның азаттығы, ақыл-ойдың өсуі, білімнің еркіндікті кеңейтуі және т.с.с. идеяларын атайды.

«Ұлы наррациялар» әрбір мәдениеттегі нарративтілік практикаларының семантикалық шегараларын береді, демек, сол уақыттағы дискурсты анықтайды. Лиотар «постмодернизм Освенцимнен басталды» дегенде «Освенцимді» террордың жинақталған бейнесі ретіндегі сөз-рәміз ретінде алып отыр. Батыстық ойлаудың өзегін құрайтын бинарлық оппозиция бір-біріне сәйкес келмейтін жақтарды қарама-қарсы жағдайға бөле қарастырады. Ондайда әлгілердің бірі – басым, екіншісі – бағынышты күйде болуы міндетті. Демек, Освенцим бір дискурсты келесі біреуінің басып-жаныштауының қаншалықты қауіпті екендігін көрсету үшін пайдаланылады.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 23. Жак Деррида: нақты дүниені деконструкциялау. 1-бөлім

Лиотардың түсінігінде жаппай бас изеп, бір ұстаныммен ғана келісім танытудан гөрі алуан пікір мен келіспеушіліктің болуы ұтымдырақ болса керек. Сондықтан постмодернизм белгілі бір парадигманың үстемдігін жоққа шығарып, орталықсыздандыру принципін орнықтырды.

Философияда постмодернизм онтология мүмкіндіктерінің сарқылғандығын түсіну ретінде қалыптасады. Ол Батыста индустриалдық қоғамның орнына келген, жаңа постиндустриалдық қоғамның серігіне, соның идеологиясына айналды. Постмодернизмнің жетекші өкілдері Ролан Барт, Жан Батай, Жан Бодрийар, Жиль Делез, Жак Деррида, Феликс Гваттари, Жан-Франсуа Лиотар, Мишель Фуко сияқты ойшылдар. Зерттеушілер бұл тізімге Иммануил Кант пен Давид Юм, Серен Кьеркегор мен Фридрих Ницшені де қосады. Бұл бағыттың көзқарасы тұрғысынан субъект пен объект, абсолюттік пен салыстырмалы ақиқат, шындықты, яғни әлемді, өмірді суреттеуде, түсіндіруде және өзгертуде ғылымның рөліне сену сияқты классикалық ұғымдарға негізделген «модернистік» ұстанымдар уақыт сынағынан өте алмады. Себебі ғылым мен философия табиғат пен қоғамға шамалары «жетпеді», «тістері батпады», олардың заңдарын анықтай алмады.

Кезінде Анри Бергсонның – интуитивизмі, Эдмунд Гуссерльдің – феноменологиясы, Зигмунд Фрейдтің – психоанализі, Серен Кьеркегор, Мартин Хайдеггер, Карл Ясперс, Николай Бердяевтің – экзистенциализмі жаңашылдық ретінде танылып, модернизмнің бастауы саналды.

Алайда бұл дискурстар да заманауи мәдениеттің өзіндік ерекшелігін толық ашып бере алмай, постмодернизм дүниеге келді. Бұл тура мағынасында – модерннен кейінгі, қазіргі заман дегенді білдіреді. Дейтұрғанмен, «Қазіргі заман» ұғымының нақты бір анықтамасы жоқ. Умберто Эконың «әр мәдени кезеңнің өз постмодерні бар» дегенін ескерсек, бұл мәдени феномен, философиялық дискурстың әр заманға тән – сыни ойлау, мәселені жаңаша түсінуге талпыныс болғанын көреміз.

### «Үлкен» және «кіші» философия

Отандық философ Бекет Ғалымжанұлы Нұржановтың «Модерн. Постмодерн. Мәдениет» атты еңбегі модерн, постмодерн және модернизм мен постмодернизм, философия арақатынасын жан-жақты талдауға арналған.

Ғалым модернизмнің де, постмодернизмнің де аттары айтып тұрғандай жаңашылдық ретінде келіп, өткенге, ескіге, сондай-ақ классикалыққа дәурені өтіп, тұрып қалған дүние ретінде қарап, оған жаңаны орнықтыруға талпынған реакция ретінде, оқулықтарда көрсетілгеніндей XIX–XX ғасырлар аумағында емес, одан да әрі, яғни модернизмнің – Ренессанс, Ортағасырлар кезеңінен, ал постмодернизмнің, тіпті, антикалық мәдени-философиялық дәстүрлерден бастау алатынын айтады. Сонымен бірге, модернизмнің – классикалықпен, постмодернизмнің – бейклассикалық өнер, ғылым, мәдениет, философиямен сәйкес келетінін жазады. Бұл үшін ол Делёздің әдебиетті «үлкен» және «кіші» деп алғанындай, философияны да «үлкен», «кіші» деп қарастыруға болады дейді. «Үлкен» және «кіші» философияның айырмашылығын сан алуан мектептер мен бағыттардың кең өрісіне айналған антикалық философияның мысалында түсіндіреді.

Антикалық дәуірдің классикалық кезеңінде өзгелерді артта қалдырып, үстемдік етуші дәрежеге жеткен Платон-Аристотель мектебі болатын.

Платонның зерттеулері «үлкен» философияға айналды, ал өзге мектептерге «кіші философиялардың» рөлі берілді. Көптеген зерттеушілер батыс философиясының тарихын платонизмнің тарихы деп дәл тұжырымдаған. Құндылықтардың «үлкен» және «кіші» болып бөлінуі біз кез келген басқатарихи дәуірлерден де кездестіре аламыз. Мұндағы «кіші» философия бұл ешқашанда философия мен мәдениеттегі үстем билік, атаулы орынды иеленбеген, көбіне мұндай жағдайдан қашқақтаған, қоғамда кең таралып, мойындалмаған мектептер, теориялар мен түсініктер. Ол мектеп өкілдерінің көзқарастарын замандастары түсініксіз, мағынасыз, кейде тіпті әпенді, «есі ауысқандық» деп бағалаған. Бұл дәуірдегі мектептерге мегарлықтар, скептиктер, киниктер, софистер, стоиктер жатады. Олардың көзқарастары «үлкен» философия тұрғысынан тұрақты сынға алынып, және мұндай сынға «мол азық» болып, осының арқасында үлкен философияның «данышпандығы» жарқырай түскен.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 23. Жак Деррида: нақты дүниені деконструкциялау. 1-бөлім

Бекет Нұржанов кіші философияға Ежелгі Қытай философиялық дәстүріндегі мектептер, дәлірек, философиялық мәндегі көнеқытайлық мәтіндерді де қосуға болады дейді. Бұл мәтіндерде сөздің әдеттегі мағынасындағы негізгі идея да, мақсат пен міндет те, баяндаудың ешбір айқындығы да болмайды. Тіпті, «сұхбаттар», ұстаздың шәкірттерімен әңгімелері логикалыққа да, диалектикалыққа да жатпайтын өзгеше сипатта жүреді. Мұндай ерекшелік грек философиясындағы бүгінге жекелеген фрагменттер күйінде жеткен Гераклиттің ой-толғамдары, Сократқа дейінгі мектептер: мегарлықтар мен киниктерге де тән болатын.

Бұлардан шығатын қорытынды, постмодернизм өткен ғасырда ғана пайда болмаған. Зерттеушілер оның жобасын антикалық дәуірдегі «кіші философия» саналған мектептер мен ілімдерден ғана емес, Платон мен Аристотель, Кант пен Гегель, Юм мен Спиноза, Адорноның мәтіндерінен де көреді. Мысалы, философия ғылымдарының докторы Грета Соловьева: «Делёз, – постмодернизм одақтастарын стоиктер мен киниктердің арасынан ғана іздемейді. Өзі биіктің философы деп анықтаған Платон да постмодерндік азғыруға қарсы тұра алмай, «симулякр» ұғымын енгізген екен. Оның идеялар теориясы батыстық дискурс үшін аса маңызды репрезентация қағидасын меңзейді. Әрқашан бір нәрсе басқа нәрсенің көрінісі болады. Платон «түпнұсқа – бірінші көшірме» және «бірінші көшірме – екінші көшірме» қатынасының әртүрлі болатынына, олардың қағидатты өзгешелігіне назар аударады. Делёз мұнда болуы мүмкін симулякр әлеміне қатысты долбарды, қандайда бір алдын ала сезуді байқайды» – деп атап көрсетеді.

## Философия және постмодернизм

Бекет Нұржанов: «Постмодерн философияны тұтастай теріске шығармайды, ол үлкен философияны «негізсіз жоба» ретінде бағалайды дейді. «Үлкен» философия бұқаралық танымның немесе философиялық «мектептік мұғалімдерінің» қабылдауындағы түсінігі болып табылады. Сондықтан ешқандай үлкен философия жоқ, ендеше «үлкен», «кіші» деп бөліп керегі не? – дей келіп, – бұл бөлісте философияның әмбебаптығын және мағыналылығын теріске шығарудың жөні жатқанын айтады. Себебі философия қашан да сан алуандық әрі тұлғалық сипатқа ие, ол ешқашан да бет-бейнесіз әрі жалпыға ортақ емес, сондықтан да ол «кіші» деген тоқтам жасайды.

Бұл мұсылман әлемінің көрнекті ойшылы Ибн Баджаның: «Бұқаралық мәдениет ешқандай «философиялық байыптамаға» мұқтаж емес, философияның басты мәселесі – жеке адам, оның тағдыры. Адам өмірдің ең қиын сәттерінде философияға бет бұрады, философиялық ойларға беріледі...», – деген көзқарасымен сабақтас түсінік.

Бекет Нұржанов, сонымен қатар, постмодерн мен философияның, белгілі бір мағынада, бір-бірін жоққа шығаратын түсінік екеніне де тоқталады. «Постмодерннің пайда болуы үшін, – дейді, – философияның өлуі немесе жоғалуы керек. XX ғасырдың көптеген ұлы философтары айтқан философияның өлімі «постмодерн шарттарының» бірі. Постмодерн өз тарапынан ендігі жерде философияның міндеті мен мән-мағынасын қайта қарауға шақырады. Бұл кескіндеме өнерінің адамдардың фотография мен кинематографияны ойлап тапқаннан кейінгі өз тіршілігінің жаңа мағыналарын іздеп табуға мәжбүр болатыны сияқты, философия да, егер ол «тірі қалғысы келсе», постмодерн жағдайында тіршіліктің соны тәсілдерін іздеуі керек» деген сөз, яғни қазіргі заман философиясындағы модерн, модернизм дегеніміз – әр замандағы болмысты тану, дүниеге деген көзқарастың өз уақытында сол заманға сай ең жаңа, алдыңғы қатарлы екенінін білдіретін ұғым болса, постмодерн, постмодернизм дегеніміз – сол жаңаның өзін терістеп, оның орнына дүниеге деген көзқарастың дәстүрлі танымдағыдан өзге соны тәсілін, жолын ұсынған философия, дүниеге деген көзқарас, танымның өзіндік формасы болып шығады.

## Жак Деррида және постмодернизм

Бұл дәстүр XX ғасырдың 60–70 жылдары да өз жалғасын тапты. Оны әсіресе осы кезеңдегі ғылым мен философияның қарыштап дамыған заманында ерекше жаңа қарқынмен жалғастырушы француз философы Жак Деррида болатын.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 23. Жак Деррида: нақты дүниені деконструкциялау. 1-бөлім

Неміс философы Эрнст Кассирердің мәдениетті, сондай-ақ, оны құраушы білім, ғылым, дін, экономика т.б. барлығын рәміз деп алғанындай, Деррида бойынша да «мәтіннен тысқары ештеңе жоқ». Бұл әлемде адамның өзі туралы және айнала қоршаған ортасы – әлем туралы білімі толығымен тілде шоғырланған деген сөз. Ресейлік тілтаным ғылымының көрнекті өкілі, философ әрі аудармашы Наталия Автономова «Деррида үшін, – дейді, – дәуір дегеніміздің өзі «мәтін», ал оны зерттеу, сол мәтінді «оқу» болып табылады».

Ол әдебиет пен философиялық мәтіндерді талдауда «хат» ұғымын қолданды. Оның ойынша, ешқандай философия метафизикасымен қоса алғанда, хаттың мәдениеттегі орнын анықтамайды, дұрысы, хат сол метафизиканың да, философияның да мәдениеттегі орнын анықтап береді. Себебі сол ғылым жайлы идеяның, ғылымның өзінің пайда болуы белгілі бір дәуірдегі жазу дәстүрінің дамуымен, фонетикалық жазудың өзге жазу түрлерінен ерекшеленіп, оларға үлгі болған кезеңімен байланысты жүзеге асқан.

Дерриданың мәтіндерді зерделеудегі әдісі – деконструкция болды, яғни мәтінді бірнеше құрамдас элементтерге бөлу, кейіннен оларды қайтадан еркін жинақтау. Басқаша айтқанда, Оның сыни-философиялық ұстанымы – деконструкция.

Деконструкция тәсілі сын объектісін жоқ етуге тырыспайды. Керісінше, оны тас-талқан етіп шашып, бөлшектерінің бүге-шігесіне дейін жетіп барып, қайта басын қосып, жаңаша «тірілтуге», жаңаша кейіп беруге бейім болады.

Деконструктивизмнің негізгі ұғымдары: «бар», «қолда бар», «логоцентризм», «із», «өзгешелік», хат және «көне жазу». Бар дегеніміз – барлық өмір сүретін бардың, болмыстың бар болу тәсілі. Логоцентризм – батыс еуропалық мәдениеттің өзіне тән «бар» болуды білдіретін ерекшелігі. Ол метафизиканың өріс алуымен байланысты дамыған. Із – «жоқты», «болмыс еместі» білдіретін, бірақ дәл оның өзі де емес әлдене. Өзгешелік – «бардың» «өзгеге» барабар еместігін білдіретін ұғым. Хат болса – логоцентризмді білдірудің тәсілі.

Дерриданың деконструкциялау ілімі батыстық рационалды мәдениет жүйесін сынау және оны түбірімен өзгертуге негізделген. Мұндағы дәстүрлі батыс мәдениеті деп отырғанымыз батыстық метафизика мен онтология дәстүрі, әсіресе соның ішінде батыстық ойдың арғы негізін белгілеген логоцентризм мен фоноцентризм болып табылады. Батыс мәдениеті адам ақылы мен еркіндігін, этикасы мен жеке тұлғалығын көбінесе дуализм тұрғысынан сипаттайды.

Логоцентризм мен фоноцентризмнің адамды шектеуі мен тежеуі себепті белсенді, еркін, сезімтал адам жоғалып, оның орнына көкірегі нәсілшілдік пен өшпенділікке толы жаңа тұрпатты адам пайда болды. Аталған рационализм тұлғаның ақылдық үстемдігі мен сөйлеу үстемдігін арттырып, адамның табиғат пен объективті әлем алдындағы менмендігі, өзімшілдігін туғызады, қоғамдағы расизм, яғни нәсілшілдік пиғылын күшейтеді. Батыс расизмі «батыс мәдениеті басқа мәдениеттерден үстем» деген пікірге негізделген. Осы арқылы бұл мәдениет өзінен төмен санаған мәдениеттерді түзету, емдеу, жуу, жою, тазартуға талпынады. Сондықтан да Деррида «батыста керемет ағарту қабілеті бар!» деп мысқылдаған болатын.

Ол батыстық философияны қайта қалыптастырудың өзіндік жаңа бағдарламасын ұсынады. Батыс философиясын сынауды уақыт тұрғысынан айтарлықтай кеңейтеді. Егер постмодернистердің көпшілігі бұл дәстүрді Ағарту немесе Қайта өрлеудің «модернистік жобасымен» байланыстырса, Деррида оның қайнар көздерін сонау бағзы Грекиядан тауып алады. Оны «логоцентризм», «фоноцентризм», «фаллоцентризм» және «онто-телеоцентризм» деп атайды.

Деррида өзінің грамматологиясының бастапқы оппозициясын ауызша сөз/жазу оппозициясы ретінде қалыптастырады. Бұл бастапқы оппозиция грамматология ауқымын болжамдайды. Бірақ грамматология бұл жай ғана философия мен философия тарихының жаңа тұғырнамасы емес, Делёздегідей, қоғамды, мәдениетті, тарихты, тілді және т.б. кеңінен қамтитын тұғырнама болып шығады. Батыстық мәдениетте сөз/жазу оппозициясы мына тұрғыда қарастырылады: жазу қашанда соңғылық өндірілген, екінші қатардағы үрдіс ретінде шетке шығарылады, ауызша сөздің, дыбыстың, дауыстың билігі орнықтырылады. Жазу сөздің шетқақпайы, өгей баласы болып шығады. Дауыстың, дыбыстың жазуға былай билік етуін батыстық мәдениет пен метафизиканың фоноцентризмі деп атайды. Грамматология бұл дыбыс шексіз билігінен қашқақтайтын, әзірге тілде оған сәйкестігі жоқ бейфонетикалық жазу жайлы жаңа ілім.





Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 23. Жак Деррида: нақты дүниені деконструкциялау. 1-бөлім

Деррида тілдің дәстүрлі дистрибуциясының тетігін талдауынан бастайды, яғни дауыстың, дыбыстың билігі кезіндегі тіл билігінің бөлінуін көрсетеді. Метафизикалық лингвистиканың немесе лингвистикалық метафизиканың негізгі мәселесі – бұл қайнар көздің, мағынаның туындау мәселесі. Мұндай ажыратуда дыбыс мағынаны туындатады, дыбыс мағынаны ашады және айтып жеткізеді. Осылайша, аксиоматикалық тірек (базис) санатында дыбыс пен мағынаның тікелей жақындығы орнықтырылады және бұл базис батыстық метафизика мен лингвистиканың барша тарихын айқындайды. Ол Аристотельдің өзі дауыс пен рухтың жақындығын бекіткенін атап өтеді: дауыс дегеніміз – рух қалыптарының тікелей көрсетілуі. Рух пен болмыстың, заттардың және олардың рухқа әсер етулерінің жақындығы табиғи байланыс ретінде жарияланады. Дауыс белгіленетінге, мағынаға, заттарға әсіресе жақын тұрады. Ол болмысқа, болмыстың мағынасына, мағынаның мұратына тікелей жақын келеді. Тілдің дәстүрлі дистрибуциясы қалай құралғанын түсіну үшін мына аксиоматиканың – дауыс пен мағынаның тікелей жақындығының айқындығын сауал астына қою керек. Дауысты – рухпен, ойды – тікелей және айқын байланыстың мағынасымен қосақтағанда, онда белгілейтін қашанда туындаған, айтылғанның бекітілу, есте сақтау мәселесіне бағынышты болады. Белгі түсінігінің өзі осынау фоноцентризмнен жай табады.

Дерриданың ойынша, бүкіл батыстық метафизиканы айқындайтын жасырын матрица «қатысу» санаты болып табылады. «Метафизиканың тарихы Батыстың тарихы ретінде бұл метафоралар мен метонимиялардың тарихы болған. Олардағы матрицалық форма... бұл сөздің барлық мағыналарындағы болмыстың детерминациялары болды». Терминде Деррида философия үшін маңызды үш бірдей сәтті ұстайды: болмыстың формасы түріндегі қатысу, тілдің түрі ретіндегі қатысу және уақыт формасы ретіндегі қатысу. Үш сәт те бір тілдік формада айырғысыз құйылып түскен. Бұл форма бір мезгілде болмыстағы батыстық ойдың орталықтандырылғанына, бұл ойдың бастапқы шарты ретінде және тілдің оның іргелі өлшемі ретіндегі қалпына қарай бағыттайды. Батыстық метафизиканы қайтадан қалыптастыру бұл жерде қатысу түсінігінің айналасындағы шатысқан метафизиканың негізгі түсініктерінің осы будағын тарқатуды білдіреді.

Батыстық метафизикадағы дауыстың жасырын билік етуін дауыс пен мағынаның байланысы арқылы аша келіп, Деррида сонымен қатар, батыстық философияның барлық тарихын толықтай қатысуды иемденудің жасырын тілегі ретіндегі мәнін ашып береді, яғни болмыстық ойдың оны пайда болған сәтінен бастап, барлық қозғалысын айқындайтын сұлба қатысудан өзінен қатысуға қозғалыс болып табылады. Бұл қозғалыс жаңа заманның философиясында толық қатысудың өзіндік сана деп аталатын ерекше формасын иеленумен аяқталады. Егер сана жалпылама түрде болмыстың, мағынаның, логостың жай ғана қатысуы болса, ол өзіне трансцендентті, әлдебір сыртқарымен, басқамен байланысы әлі де сақталса, онда өзіне қатысу бұл сыртқарыдан, өзіндік сананың имманенттігіндегі трансценденттіктің кез келген ізін, одан кез келген бағыныштылығын өшіреді.

Фонетикалық емес жазуды тілдің бастауы, оның пайда болуының алғышарты ретінде Деррида көне жазуды атайды. Көне жазу – бұл жазу емес, жазуды мүмкін ететін төтеншелік. Бұған қоса ол белгілейтінді ғана емес, белгіленетінді де мүмкін етеді, сондай-ақ, тілдің өзін де, сөйлеу әрекетінің де мүмкін болуының басты алғышарты болып табылады.

Көне жазу түсінігі арқылы ол өз грамматологиясының бүкіл «ауыр артиллериясын»: іздің, айырмашылық-кейінге қалдырудың, қосымшалар-айырбастаулар, фармакон, хюрбис, бастаусыз бастау және т.б. түсініктерін алға тартады.

Қашанда екіұшты болып келетін бұл түсініктерде тілінің өзіне тән ерен ерекшелігі – оның метафоралығы кеңінен ашылады. Бұл – тілдің ойнауы. Тілдің өзі бәрінен бұрын ойын. Деррида тілмен ойнайды. Ол мұны жасырмайды, қайта айрықша атап көрсетеді. Тіл қашанда өзінің негізінде екіұшты, метафориялы, ойыншыл. Сондықтан тілді қандай да бір заңдылықтар шеңберіне қамау, бірізділікке бағындыру жасандылық болып шығады.

Көне жазу туралы мәселе – бұл бәрінен бұрын жазудың, тілдің, қоғамның, адамның, ойлаудың бастамасы жайлы мәселе. Бұны ол – бастаудың мифі деп атайды. Ол тұғырнамада бастау қарапайымдылық, әдеттегілік, түсініктілік, айқындық санатында бой көрсетеді. Бірақ бастау іс жүзінде қашанда шатысқан және түсініксіз жұмбақ дүние болып табылады. Бәрі де бастаудан басталады, бәрі де басынан байланысқан, шатысқан. Деррида бұл мифологияны былай ашады: бастау бұл қашанда қажеттілік; кездейсоқ, бір реттік оқиғаның бастау болуы



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 23. Жак Деррида: нақты дүниені деконструкциялау. 1-бөлім

сандырақ. Алайда оқиғалар дәйім бір реттік. Жекелеген, әу бастан «жалпыға бірдей» оқиғалар жоқ. Оқиға өзінде қажеттіліктің барлық жалпыға бірдей ерекшеліктерін алып жүруі үшін кейінгі оқиғалар бұл алғашқы оқиғаны жалпыға бірдей деп растауы қажет. Олай болса, алғашқыны қайталайтын және бекітетін келесі оқиғалардың қатары, қайталаудың қатары тұрғызылуы керек. Тек осындай жағдайда ғана алғашқы оқиға жалпыға бірдей қажеттіліктің мәртебесіне ие болады. Бұл бірінші оқиға жалпыға бірдей мәртебесін тек екінші, үшінші және т.б. қайталауда ғана иемденеді деген сөз, яғни нағыз бастау бірінші емес, келесі оқиғалар болып табылады. Бірақ бастау жайлы мифологияның мәні сонда, сол қайталаудың өзі алғашқы бастауды ығыстыра ығыстыра келіп, алдыңғы нағыз бастауды ұмытуда қорытындыланады. Ол кейіндеп ежелгі дүние туралы айтуға болмайтын құпиялар болып көмескілене береді. Бұл кейінгі өркениетті қоғамдарда да қайталана отырып, абсолюттік ұмытушылық мифология өз міндетін тамаша орындайды. Мұнда нағыз бастауға жүгінуге тиым салу жабайы қоғамдарға қарағанда әлдеқайда тиімді жүзеге асырылады.

Деррида бойынша жазудың бастапқыдағы осындай ығыстырылған бұркеме жағдаяты көне жазу. Көне жазудың бастау ретіндегі мәніне грамматологияның ең маңызды түсініктерінің бірі «із тұғырнаамасы» арқылы жақындай түсуге болады. Із деген түсінік батыстық мәдениетте оның бастауы, шегіне жеткен негізі санатында болмыстың билігін орнықтыратын метафизика мен онтологияны қайта құрастырудың тамаша мысалы.

Ол із түсінігінің баршылықтың байыбына барудағы аса маңызды мағынасы барын атап өтеді. Бірақ оны баршылыққа дейін ойластыру керек. Өйткені ол метафизиканың баршылық/қатысу ретінде анықтаған баршылықтың ауқымының мүмкіндігін артикуляциялайды. Іздің қозғалысы қашанда жасырын. Өзін қатысу ретінде жариялайтын баршылықтан өзгешелігі, ол ізін жасыру ретінде, бірақ жоқ болу ретінде емес, қатыспаушылық ретінде паш етеді. Ол оппозициядан сыртқары қатысу/жоқ болу, болмыс/ештеңе емес. Бұл оппозицияның өзін өзінің бастауы ретінде құрастырады. Із жоқ болып тұрып қатысады, немесе қатысып тұрып жоқ болады. Ол «бар болмайды», бірақ «жоқ болмайды» да.

Софистика болып көрінуі мүмкін іздің барлық диалектикасы батыс метафизикасындағы болмыстың абсолютті билігі деген формуласы ашылғанда түсінікті болады. Бұл билік ойдың немесе қиялдың затына айналуы үшін әрбір зат, құбылыс, процесс бәрінен бұрын бар болуы, қолда болуы немесе болмауы, жоқ болуы керек дегенді білдіреді. Болмыс ойдың және басқа ненің болса да ең шеткергі негізі саналады. Одан кеңірек, сыртқары тұрған ештеңе де жоқ. Тек бас әріппен жазылатын Ештеңе бар. Бірақ Дерриданың ізі болмыстың шектеулігін көрсетіп, оның билігінен қашқақтайды. Ол ешқашанда өзінің көрінісі болып табылмайды. Ізі болып табылатын өзгенің көрінісі ретінде бой көрсетеді. Ол тек өзгенің ізі тұрқында ғана бар болады.